

## Өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламентті бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 8 маусымдағы № 197 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 11 маусымда № 20848 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 249 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 27.06.2023 № 249 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5) тармақшасына және "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 1-1) тармақшасына сәйкес БҮЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламент бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

C. Омаров

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасы  
Индустрія және инфрақұрылымдық  
даму министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Сауда және интеграция министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2020 жылғы 8 маусымдағы  
№ 197 бүйрекімен  
бекітілген

## **Өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламент**

### **1-тaraу. Қолданылу аясы**

1. Осы өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) қауіпсіздігі туралы техникалық регламент (бұдан әрі - техникалық регламент) "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Өсімдіктерді қорғау туралы заң) 6-бабының 5) тармақшасына, "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Техникалық реттеу туралы заң) 8-бабының 1-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа шығарылатын өсімдіктерді қорғау құралдарына (пестицидтер) (бұдан әрі - пестицидтер), сондай-ақ олардың өмірлік циклі процестеріне қолданылады.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес техникалық регламенттің қолданылу

аясына жататын өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) тізбесі және сыныптауыш бойынша олардың кодтары осы техникалық регламентке 1-көсімшада көрсетілген.

3. Осы техникалық регламенттің талаптары пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), тасымалдауға, сақтауға, өткізуға, қолдануға және зарарсыздандыруға қатысатын барлық жеке және занды тұлғалардың қызметіне қолданылады.

## 2-тaraу. Терминдер мен айқындаамалар

4. Осы техникалық регламентте мынадай терминдер мен айқындаамалар пайдаланылады:

1) әсер етуші зат - әртүрлі препараттың нысандар түрінде пайдалану зиянды организмге, аса қауіпті зиянды организмге, карантиндік объектіге, ботентекті түрге немесе өсімдіктердің өсуі мен дамуына уытты әсер етуіне алып келетін пестицидтің биологиялық белсенді бөлігі;

2) гербицид - қажетсіз өсімдіктерді жоюға арналған пестицид;

3) дайындаушы - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген, өз атынан пестицидтерді өндіруді немесе өндіру мен өткізуді жүзеге асыратын және олардың осы техникалық регламент талаптарына сәйкестігіне жауапты занды тұлға немесе дара кәсіпкер ретіндегі жеке тұлға;

4) дайындаушы уәкілеттік берген тұлға - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген, дайындаушымен жасалған шарт негізінде пестицидтерді сәйкестігін бағалау (растай) және Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа шығару кезінде осы дайындаушының атынан іс-қимылды жүзеге асыратын занды тұлға және (немесе) дара кәсіпкер ретіндегі жеке тұлға;

5) импорттаушы - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген, шетелдік дайындаушымен (сатушымен) пестицидтерді беруге арналған сыртқы сауда шартын жасасқан, осы пестицидтерді айналысқа шығаруды және (немесе) оны Қазақстан Республикасының аумағында өткізуді жүзеге асыратын және оның осы техникалық регламент талаптарына сәйкестігі үшін жауапты болатын занды тұлға немесе жеке кәсіпкер ретіндегі жеке тұлға;

6) инсектицид - өсімдіктерді зиянды жәндіктерден қорғауға арналған пестицид;

7) өнімді айналысқа шығару - өтеусіз немесе өтеулі негізде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағында тарату мақсатында пестицидтерді жеткізу немесе әкелу (оның ішінде дайындаушының қоймасынан жөнелту немесе қоймаға орналастырмай тиеп-жөнелту);

8) пестицидпен фумигациялау - пестицидті бу немесе газ күйінде зиянкес организм мекендейтін ортаға енгізу;

9) пестицидтер айналысы - өтеусіз немесе өтеулі негізде коммерциялық қызмет барысында Қазақстан Республикасының аумағында тарату мақсатында пестицидтерді жеткізгеннен кейін немесе әкелгеннен кейін (оның ішінде дайындаушының қоймасынан жөнелтілгеннен кейін немесе қоймаға орналастырмай тиеп-жөнелтілгеннен кейін) олардың дайындаушыдан сатып алушыға (тұтынушыға) қозғалу процестері;

10) пестицидтерді заарсыздандыру - тыйым салынған немесе жарамсыз болып қалған пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәдеге жаратуға, жоюға бағытталған іс-шаралар;

11) пестицидтерді қолдану регламенті - пестицидтің шығыс нормасы, дақыл, өндөлетін объект, зиянды организм, өндеу тәсілі, уақыты, жұмыстық сүйиқтықтың шектелуі, шығысы, соңғы өндеу мерзімі, пестицидпен өндеудің ең көп еселігі туралы ақпаратты қамтитын, пестицидтерді қолдану шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар;

12) пестицидтердің қалдық мөлшері - пестицидтердің адам мен жануарларға қауіпсіздігі бағаланатын, өсімдік шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілеріндегі пестицидтер құрамының мөлшерлік көрсеткіші;

13) пестицидтердің қауіпсіздік паспорты - пестицидті өндіруші (жеткізуші) "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес әзірлеген, пестицидтердің сипаттамалары және оларды қолдану кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы мәліметтерден тұратын құжат;

14) пестицидтердің қауіптілік сыныбы - адамның өміріне, денсаулығына және қоршаған органдың жай-күйіне зиянды әсерін тигізетін қасиеттерін анықтау үшін пестицидтерді қауіптілік түрлері және санаттар бойынша бөлу;

15) пестицидтерді өндіру (формуляциялау) - бастапқы компоненттер негізінде пестицидтер дайындаудың технологиялық процесі;

16) пестицидтерді сәйкестендіру - пестицидтер сипаттамаларының олардың елеулі белгілеріне ұқсастығын белгілеу;

17) пестицидті қолдану жөніндегі ұсыным - пестицидтерді қолдану тәртібі және халықтың денсаулығын және қоршаған органды олардың зиянды әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін қауіпсіздік талаптары туралы ақпарат пен мәліметтер;

18) пестицидті мемлекеттік тіркеу - нәтижесі бойынша тіркелушіге (өтініш берушіге) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пестицидке арналған тіркеу куәлігі берілетін рәсім;

19) пестицидтің препараттық нысаны - пестицидтің физикалық-химиялық қасиеттеріне, уыттылығына, мақсатына және пайдалану тәсіліне қарай (эмulsionia

концентраты, суспензиялы концентрат, түйіршіктер, паста, микрокапсулаланған суспензия, дымқылданатын ұнтақ және (немесе) өзге де нысандар) байланысты агрегаттық жай-күйі;

20) пестицидтің шекті жол берілетін концентрациясы (бұдан әрі - ШЖБК) - ұзақтығы шектелмеген уақытта күн сайын әсер еткен жағдайда ауру немесе адам денсаулығы жай-күйінің ауытқуын тудырмайтын пестицидтің әсер етуші затының көлем (aya, су), салмақ (тамақ өнімдері, топырақ) немесе сырт (жұмыскерлердің терісі) бірлігіндегі мөлшері;

21) пестицидтің таңбалау - пестицидтердің негізгі сипаттамаларын және оларды қолдану шарттарын белгілеу, пестицидтің қауіпті қасиеттері туралы және пестицидтердің қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы ақпаратты көрсету ;

22) родентицид - зиянды кеміргіштермен құресуге арналған пестицид;

23) талдамалық стандарт - пестицидтің әсер етуші затының химиялық таза үлгісі;

24) фунгицид - өсімдіктердің таз ауруларынан және басқа да ауру қоздырғыштардан қорғауға арналған пестицид.

### **3-тaraу. Пестицидтердің Қазақстан Республикасы аумағында айналысы кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

#### **1-параграф. Пестицидтердің айналысы шарттары**

5. Пестицидтер осы техникалық регламентке сәйкес келген жағдайда, Қазақстан Республикасының нарығына айналысқа шығарылады.

6. Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа түсетең пестицидтер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/61 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11687 болып тіркелген) бекітілген Пестицидтердің тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өтеді.

Мемлекеттік тіркеуден өткен пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға), әкелуге, сақтауға, тасымалдауға, өткізуғе, қолдануға рұқсат етіледі және өсімдіктерді қорғау саласындағы үәкілетті органның ведомствосы оларды пестицидтер тізіміне енгізеді.

7. Пестицидтерге арналған орама мен ыдыстар, оларды сақтау, тасымалдау және өнімді өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс.

Орама мен ыдыстар үшін адамды, қоршаған ортаны пестицидтердің қауіпті қасиеттерінен қорғауға арнайы бейімделген материалдар пайдаланылады.

Орама мен ыдыс үшін пестицидтердің кұрамдас заттарының бұзушы немесе езге де зиянды әсеріне төзімді және:

- 1) жануды және (немесе) едәуір жылу мөлшерінің бөлінуін;
- 2) тез тұтанатын, уытты немесе тұншықтыратын газдардың бөлінуін;
- 3) басқа да химиялық белсенді және қауіпті заттардың түзілуін тудыратын реакцияға түсе отырып, олармен өзара әрекеттеспейтін материалдар пайдаланылады.

8. Пестицидтердің физикалық-химиялық қасиеттері өндірушінің ерекшеліктерінде (импорттық пестицидтерге арналған) және отандық пестицидтерді өндіруге арналған нормативтік және техникалық құжаттамаларда баяндалған қасиеттерге сәйкес келеді.

Пестицидтер қауіпсіздігінің физикалық-химиялық көрсеткіштері осы техникалық регламентке 2-қосымшада көрсетілген.

9. Пестицидтерді нарыққа жеткізу кезінде "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы заң) 15-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес химиялық өнім туралы ақпаратты қамтитын қауіпсіздік паспорты олармен қоса жүреді.

10. Өсімдікті қорғау туралы заңның 15-2-бабы 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, бұрмаланған пестицидтерді өткізу, сақтау, қолдану және (немесе) әкелу фактілері болған және (немесе) келіп түскен жағдайда, олардың Қазақстан Республикасының аумақында таралуын болдырмау мақсатында өсімдікті қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның облыстық (респубикалық маңызы бар қалалық, астаналық) аумақтық бөлімшесінің басшысы мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, бұрмаланған пестицидтерді өткізу, сақтау, қолдану және (немесе) әкелу фактілерін анықтау үшін бақылау объектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау жүргізу туралы шешім қабылдайды.

Осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келмейтін пестицидтер айналыстан алынады.

## **2-параграф. Пестицидтерді таңбалауға қойылатын талаптар**

11. Өлшеп-оралған пестицидтерді таңбалауды дайындаушы немесе дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, импорттаушы оның сақталуын қамтамасыз ететін тәсілмен орамаға бекітілген заттаңба немесе жапсырма түрінде тікелей пестициді бар орамаға түсіреді.

12. Тұтыну ыдысындағы бөлшек саудаға арналған пестицидтерді таңбалау және ауыл шаруашылығы ұйымдарына өткізуге арналған пестицидтерді таңбалау мынадай ақпаратты қамтиды:

- 1) телефон, факс, телекс нөмірлерін және электрондық мекенжайын қоса алғанда, өтініш берушінің (жеткізушінің, дайындаушының, дистрибутордың немесе импортаушының) атауы мен толық мекенжайы;
- 2) пестицидтің атауы мен оның нысаналы мақсаты;
- 3) пестицидтің номиналды мөлшері (салмағы немесе көлемі);
- 4) шығарылым партиясы нөмірінің белгіленуі;
- 5) дайындалған (шығарылған) күні;
- 6) қауіптілік қасиеттерінің және адамға, қоршаған ортаға және мұлікке әсер ету сыныптарының белгілері (пиктограммалары);
- 7) пестицидті қауіпсіз сактау, тасымалдау, өткізу, қолдану және кәдеге жарату жөніндегі ұсынымдар.

13. Пестицидтердің Қазақстан Республикасы аумағындағы айналысы кезінде таңбалау мемлекеттік және орыс тілдерінде түсіріледі.

14. Таңбалау анық және түсінікі, химиялық заттардың, климаттық факторлардың әсеріне төзімді болатындағы жағдайлардың қарап-тексеру үшін қолжетімді жерге орналастырылады. Таңбалаудың қолданылатын тәсілі пестицидті сактаудың кепілдендірілген мерзімі ішінде оның сакталуын қамтамасыз етеді.

15. Пестицидтерді тасымалдау үшін пайдаланылатын темір жол цистерналарында және автоцистерналарда таңбалау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13714 болып тіркелген) бекітілген Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін темір жол көлігімен тасымалдау қағидаларының талаптарына сәйкес түсіріледі.

#### **4-тaraу. Пестицидтерді әкелу кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

16. Қазақстан Республикасының аумағына пестицидтерді әкелу "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен алынатын пестицидті өткізуге арналған лицензиясы, сондай-ақ, "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне (бұдан әрі - ЕАЭК шешімі) сәйкес және Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен алынатын

өсімдіктерді қорғау құралдарының (пестицидтердің) импортына арналған лицензия болған жағдайда жүзеге асырылады

Тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін пестицидтердің тәжірибелік үлгілерін әкелу тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге қорытынды (рұқсат беру құжаты) болған кезде ЕАӘК шешіміне сәйкес берілетін Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешіміне сәйкес және Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

17. Тіркелген пестицидтердің әсер етуші заттарын пестицидтер өндіруге (формуляциялауға) арналған шикізат ретінде пайдалану үшін ғана әкелуге жол беріледі.

18. Пестицидтер Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа шығарылғанға дейін ауыл шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілерінде пестицидтердің қалдық мөлшерінің құрамын кейіннен бақылау ұйымдастыру үшін препараттардың әсер етуші заттарының талдамалық стандарттарын жеткізу қамтамасыз етіледі.

#### **5-тaraу. Пестицидтерді өндіру (формуляциялау) кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

19. Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 10-бабының 1) тармақшасына, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен алынатын пестицидтерді өндіруге (формуляциялауға) арналған лицензия болған жағдайда рұқсат етіледі.

20. Пестицидтерді өндіру (формуляциялау), сақтау және тұқымдарды дәрілеу жөніндегі объектілерді 2007 жылғы 9 қантардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - Экологиялық кодекс) 239-бабына сәйкес қабылданған атмосфераға шығарындыларды тазарту, сарқынды суларды жинау және заарсыздандыру жөніндегі құрылыш жайларының (қондырғыларының) іске қосуға және пайдалануға болмайды.

21. Пестицидтерді өндіру (формуляциялау) жөніндегі жаңадан салынып жатқан және реконструкцияланатын объектілерді пайдалануға беру "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабына сәйкес, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы

заңнаманың талаптарын сақтай отырып, жүзеге асырылады. Бұл ретте аумақтарды аймақтарға бөлу және жел бағытын ескере отырып, өндірістік және қосалқы үй-жайлар орналастыру көзделуі қажет.

Жобаланатын обьектінің аумағында ыдыстарды сақтауға арналған үй-жайлар, су өткізбейтін қатты жабыны және қалдықтарды сақтаған кезде қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын жабдығы бар өндіріс қалдықтарын жинақтау орындары (үй-жай, бастырмалар) көзделеді.

22. Өнеркәсіптік аландар мен жапсарлас аумақтағы жаңбыр немесе қар суы оларды жинау мен тазарту жағдайларына барлық гигиеналық талаптар қолданылатын ластанған өндірістік сарқынды сулар санатына жатады.

Жер бетіндегі су обьектілеріне сарқынды суларды жіберу Экологиялық кодекстің 225-бабында белгіленген талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

23. Сарқынды сулар тазартуға және заарсыздандыруға жатады. Препараттарды дренаж жүйелеріне жіберуге (ағызуға), сондай-ақ заарсыздандырылмаған (тазартылмаған) сарқынды суларды тұрмыстық кәрізге немесе су айдындарына жіберуге жол берілмейді. Су айдындарының сулары үшін ШЖБК белгіленбекен химиялық заттары бар сарқынды суларды да жіберуге жол берілмейді.

24. Сарқынды суларды бұрып жіберу сарқынды сулардың құрамы, мөлшері және сарқынды суларды жергілікті тазарту схемалары ескеріле отырып, әртүрлі цехтар немесе технологиялық процесс сатылары үшін бөлек-бөлек кәріз жүйелері бойынша жүзеге асырылады. Осы деректер негізінде кәріз жүйелерінің саны мен сипаты анықталады.

Зиянды газдар (күкіртті сутегі, циан қоспалары және басқалары) бөлетін химиялық реакциялар болуы мүмкін сарқынды сулардың біріктірілуіне жол берілмейді.

25. Құрамында ауыр тотығатын немесе биологиялық тотығуға ұшырайтын пестицидтер бар сарқынды сулар жергілікті немесе жалпы өндірістік қондырғыларда пестицидтердің қалдық мөлшерінің құрамы қолданыстағы халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі саласындағы заңнамада белгіленген нормаларға қол жеткізгенге дейін физикалық-химиялық, термикалық немесе каталитикалық тотығу әдістерімен алдын ала тазартылуы тиіс.

26. Жұмыс аймағының ауасында пестицидтер жол берілген концентрациядан асуы мүмкін өндірістік участкер басқа жұмыс орындарынан оқшауланады, оларды қашықтықтан басқару қамтамасыз етіледі. Технологияда қауіптілігі 1-сыныпты заттарды қолданған кезде өндірістің түйік циклі қамтамасыз етіледі.

Қауіптілігі 1-сыныпты пестицидтерді пайдалану немесе өндіру (формуляциялау) процесінде алу кезінде технологиялық жабдықты ашық аландарға орналастыруға жол берілмейді.

27. Өндірістік орта жай-қүйінің мониторингі жұмыс аймағының ауасында зиянды заттардың концентрациясын бақылауды қамтиды.

28. Пестицидтермен жұмыс істеу нақты препараттарға арналған нормативтік немесе техникалық құжаттамада көрсетілген жеке қорғаныс құралдарын пайдалана отырып жүргізіледі.

29. Пестицидтерді тиеу, өлшеп-орау, жармалау, себу, өлшеу және буып-тұю процестері автоматтандырылған тәсілмен жүргізіледі.

Технологиялық жабдық зиянды заттарды тұту жөніндегі кіріктірілген сорғыштармен қамтамасыз етіледі.

30. Пестицидтерді өндіру (формуляциялау) кезінде:

1) жұмыс орындарындағы жұмыс аймағы ауасының қолданыстағы гигиеналық нормативтерде белгіленген жол берілетін мәндерден (жұмыс аймағы ауасындағы ШЖБК) аспайтындей ластану деңгейі;

2) жұмыс аймағы ауасындағы зиянды заттар концентрацияларын бақылау көзделеді.

31. Пайдалану кезінде жабдықты:

1) көзделген зиянды заттарды тұту жөніндегі құрылғыларсыз;

2) ағуы, шашырауы мүмкін және жіберуге арналған коллекторы жоқ сүйықтықтармен жұмыс істеу үшін;

3) электр энергиясы сөніп қалған жағдайда, көзделген өндірісті авариялық тоқтатусыз қолдануға болмайды.

32. Сарқынды суларды заарсыздандыру, газ шығарындыларын тұту, өндіріс (формуляция) қалдықтарын, пестицидтер салынған ыдыстарды қедеге жарату, заарсыздандыру әдістерін пестицидтерді өндіруші өзірлейді және олар нақты бір пестицидті өндіруге (формуляциялауға) арналған техникалық құжаттамаға қосылады.

33. Эрбір өндірісте қауіпсіздік паспорттарында жазылған пестицид өндірудің (формуляциялаудың) технологиялық режимдерін, бастапқы шикізат пен түпкілікті өнімнің көрсеткіштерін, қоршаған ортаға зиянды шығарындылар сипатын құжаттамалық өндірістік бақылау жүйесі енгізіледі.

Кесіпорында жоғарыда көрсетілген бақылауды жүргізу үшін аккредиттелген өндірістік зертхана болмаған жағдайда, зерттеулер "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заң) сәйкес аккредиттелген зертханалар мен сынақ орталықтарында шарт негізінде жүргізіледі.

**6-тaraу. Пестицидтерді өткізу кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

34. Тіркелген пестицидтерді Қазақстан Республикасының аумағында өткізуге тек пестицидтерді өткізуге арналған лицензия алғаннан кейін ғана рұқсат етіледі.

35. Пестицидтерді ауыл, орман және коммуналдық шаруашылықта қолдану үшін өткізу халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі саласындағы қолданыстағы заңнамада белгіленген талаптарға жауап беретін өндіруші кәсіпорынның қоймасынан немесе пестицидтерді сақтауға және босатуға арналған арнайы қоймалардан жүзеге асырылады.

36. Баулар мен бақшаларға арналған, ауыл шаруашылығы зиянкестеріне, аурулар мен арамшөптерге қарсы пестицидтерді, сондай-ақ, жеке қосалқы шаруашылықтар жағдайларында қолдануға арналған үй кеміргіштерімен құресуге арналған құралдарды өткізу азық-түліктік емес мамандандырылған бөлшек сауда дүкендері арқылы жүзеге асырылады.

37. Жеке қосалқы шаруашылықтар жағдайларында пайдалануға арналған, препараттың дәл мөлшерін өлшеуге мүмкіндік бермейтін орамадағы пестицидтерді өткізуге 0,1 (нөл бүтін оннан бір) гектарды өндеуге арналған шығыс нормасынан аспайтындей орамаларда ғана рұқсат етіледі. Мөлшер жөніндегі талап өлшеу айлабұйымдары (өлшеу ыдысы, шығыс шекілі) бар орамадағы пестицидтерге және препаратты көп рет саңылаусыздандыруға жарамды зауыт орамасына қолданылмайды.

38. Пестицидтермен көтерме және бөлшек сауда жасайтын жеткізушилерге (импорттаушыларға, сатушыларға) мемлекеттік тіркеуден өткен пестицидтерді ғана сатып алуға және өткізуге рұқсат етіледі.

39. Пестицидтерді тұтынушыларға "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Занын сақтай отырып, одан әрі пайдалануға жарамсыз пестицидтер мен олардың ыдысын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдысын заарсыздандыру (кәдеге жарату, жою) туралы мәліметтерді қоса алғанда, қауіпсіз пайдалану шаралары туралы тиісті ақпарат болған жағдайда, өндірушінің ыдысымен ғана жіберуге рұқсат етіледі.

40. Үйдістың тұтастығы бұзылған жағдайларда, пестицидтер қайта буып-түйіледі және өнім берушіге (импорттаушыға, сатушыға) қайтарылады.

Пестицидті шашылған немесе төгілген күйде қалдыруға жол берілмейді. Ластанған үй-жайларда жинау ыдыстық заттаңбада (пестицидті қолдану жөніндегі ұсынымдарда) көрсетілген заарсыздандыру (кәдеге жарату, жою) жөніндегі ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады.

**7-тaraу. Пестицидтерді сақтау, тасымалдау және қолдану кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

41. Пестицидтерді сақтау, тасымалдау және қолдану пестицидтерді қолдану жөніндегі ұсынымдарға, сондай-ақ халықтың денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі және Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес экологиялық қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

42. Пестицидтерді сақтау және қолдану халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі саласындағы қолданыстағы заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып жүргізіледі.

43. Пестицидтерді сақтау халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі және Экологиялық кодекстің 239-бабына сәйкес экологиялық қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы заңнамада белгіленген құрылыш нормалары талаптарына жауап беретін, арнайы осыған арналған қойма үй-жайларында жүзеге асырылады.

Пайдаланылатын немесе жабық қоймалық үй-жайлардың жұмыс істеуінің гигиеналық қауіпсіздігі өлшемшарттары жұмыс аймағының ауасындағы, атмосфералық ауадағы, ашықсу айдындарының суындағы және топырақтағы химиялық заттардың шекті жол берілетін концентрациялары, сондай-ақ физикалық факторлардың шекті жол берілетін деңгейлері болып табылады.

Пестицидтерді сақтау өзінің физикалық-химиялық қасиеттері (ұшуы, тотығуы және басқа қасиеттері), өрт және жарылыс қауіптілігі, реакциялық белсенділігі, сақтаудың температуралық режимі бойынша үйлеспейтін препараттарды бөлек сақтау үшін жағдай жасауды қоса алғанда, Өсімдіктерді қорғау туралы заңын 19 -9-бабына сәйкес белгіленген, сондай-ақ ыдыстық заттаңбада, нақты бір пестицидтерді қолдану жөніндегі ұсынымдарда, олардың сыныптау шифрларында көзделген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

44. Пестицидтерді үйіп сақтау үшін қойма еденінде табандықтар мен стеллаждар пайдаланылады.

45. Төгілген жағдайда, пестицидтерді бейтараптандыру үшін қоймалық үй-жайлар сақтаулы пестицидтердің ыдыс затбелгілерінде көрсетілген қатерсіздендіргіш құралдармен қажетті мөлшерде қамтамасыз етіледі.

Бұдан басқа, қоймалық үй-жайлар ағындық және сорғыш желдетумен жабдықталады. Сорғыш желдету құрғақ сүзгіш элементтермен жабдықталады.

46. Пестицидтерді сақтау жөніндегі жұмыс арнайы киіммен және персоналдың жеке қорғаныс құралдарымен жүргізіледі.

47. Қоймада сақталатын пестицидтер тігілген және нөмірленген пестицидтерді есепке алудың кіріс-шығыс журналында тіркеледі, онда міндетті түрде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) пестицидтің атауы;
- 2) әсер етуші заттың атауы және қабылданған пестицидтер сыныптамасына сәйкес пестицидтің қауіптілігі;

- 3) препараттық нысаны;
- 4) пестицидтің мөлшері (нетто салмағы немесе көлемі);
- 5) жазылған күні;
- 6) құжаттың нөмірі (кіріс, тауар-көлік жүккүжаты);
- 7) кіріс (пестицид қайдан келіп түсті);
- 8) шығыс (қайда жіберілді);
- 9) қалдық;
- 10) бақылау (қолы, күні).

48. Халықтың тұрмыс жағдайына қолайсыз әсердің алдын алу және болдырмау мақсатында қоймалық үй-жайлардың аумағында және санитариялық-қорғаныс аймақтары шегінде талдамалық және құралдық бақылау әдістері пайдаланыла отырып, тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

49. Пестицидтерді тасымалдау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11779 болып тіркелген) бекітілген Автомобиль көлігімен қауіпті жүктөрді тасымалдау қағидаларының (бұдан әрі - Қауіпті жүктөрді тасымалдау қағидалары ) талаптарына және Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен тасымалдауға жіберілетін қауіпті жүктөрдің тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

50. Пестицидтерді тасымалдау кезінде қауіптілік туралы ақпарат жүйесінің "Абайла - пестицидтер" авариялық карточкаларының болуын қоса алғанда, әртүрлі көлік түрлерінде қолданылатын Қауіпті жүктөрді тасымалдау қағидаларының талаптарына сәйкес өндірушінің саңылаусыз ыдысында, арнайы жабдықталған және тиісті таңбасы бар көлік құралдарында жүзеге асырылады.

51. Пестицидтерді тасымалдау халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заннама талаптарын сақтай отырып, тек көлік құралдарымен ғана жүзеге асырылады.

52. Тамақ өнімдерін, жемшөп пен ауызсуды пестицидтермен және дәріленген тұқымдармен бірге немесе бұрын пестицидтерді тасымалдау үшін пайдаланылған көлік құралдарымен тасымалдауға болмайды.

53. Пестицидтерді тасымалдау үшін пайдаланылған көлік алдын ала тазартылмай және заарсыздандырылмай, онымен басқа азық-тұліктік емес жүктөрді тасымалдауға жол берілмейді.

54. Физикалық-химиялық қасиеттері (ұшпалығы, тотығуы және басқа да қасиеттері), өрт және жарылыс қауіптілігі бойынша үйлеспейтін пестицидтерді бірге тасымалдауға болмайды.

55. Тасымалдау кезінде көлік құралдарында бөгде адамдардың болуына жол берілмейді.

56. Көлік құралдары тасымалдау жұмыстары аяқталған және пестицидтерден босаған соң жуып тазартылады және тасымалданатын препараттарға арналған ыдыс затбелгілерінде және ілеспе құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес зарарсыздандырылады.

57. Пестицидтерді тасуға арналған әрбір көлік құралы пестицидтерді бейтараптандыру құралдарымен, тиісті өртсөндіргіштермен, құм қорымен және жеке қорғаныс құралдарымен жиынтықталды.

58. Дәріленген түқымдарды сақтау мен тасымалдау мықты, пестицидтерді өткізбейтін материалдардан жасалған, буып-түйілгеннен кейін тығыз жабылатын арнайы ыдыста жүргізіледі. Ыдысқа "Дәріленген" деген таңба басылады.

59. Жеке және занды тұлғаларға пестицидтерді қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізуге рұқсат беру осы техникалық регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

60. Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне қосылған пестицидтер ғана қолданылуы тиіс.

61. Пестицидтерді қолдану пестицидтердің тәжірибелік үлгілерін тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қолдану жағдайларын қоспағанда мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін және Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне қосылғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

62. Пестицидтермен істелетін барлық жұмыстар тігілген және нөмірленген, осы техникалық регламентке 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтерді есепке алу журналында тіркеледі.

63. Пестицидтермен жұмыс істелетін орындар пестицидтерді қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шарапары туралы көрнекі құралдармен, нұсқаулықтармен, жадынамалармен қамтамасыз етіледі.

64. Пестицидтерді қолдану пайдалану (қолдану) регламенттеріне (шығыс нормасы, өндеу тәсілі мен еселігі, шектеулер, күту мерзімдері, ұсынылатын жеке қорғаныс құралдарын қолдану) сәйкес жүзеге асырылады.

65. Пестицидтермен жұмыс істеген кезде жұмыс орындарында темекі шегуге, ашық отты пайдалануға, тамақ ішуге жол берілмейді.

66. Өсімдіктерге пестицидтерді тозандату мен бүркуді ерте таңғы және кешкі сағаттарда жерусті аппаратурасын қолданған кезде секундына үш метрден аспайтын және авиацияны қолданған кезде секундына екі метрден аспайтын жел жылдамдығымен жүргізуге рұқсат етіледі.

67. Қала саябақтарын, гүлбақтарды, бульварларды, көшелер мен даңғылдарды, оның ішінде трамвай жолдары мен жолөтпелерді пестицидтермен ошақты өндеу ете кешкі, тұнгі және ерте таңғы сағаттарда, пестицидтердің ең төмен шығыс нормасымен, штангалық жерусті аппаратурасын пайдалана отырып және тұрғын

Үйлерге дейінгі кемінде елу метр санитариялық алшақтықтарды сақтай отырып жүргізіледі.

68. Пестицидтерді шаруашылық-ауызсу су құбырлары көздерінің қатаң режимі аймағында қолдануға жол берілмейді. Шектеу аймағында қауіптілігі 1 және 2-сыныпты пестицидтерді пайдалануға жол берілмейді.

69. Пестицидтерді балалар, спорттық-сауықтыру, медициналық мекемелер, мектептер, қоғамдық тамақтану және тамақ өнімдерін сататын кәсіпорындар аумағында қолдануға жол берілмейді.

70. Пестицидтерді қолданған кезде барлық орталықтандырылмаған сумен жабдықтау көздері (құдықтар, ұнғымалар) берік жабылады.

71. Балдырларды, арамшөптерді, масалардың дернәсілдерін, құнсыз балықтарды жою мақсатында су айдындарын пестицидтермен өндеу жүргізіледі.

72. Пайдаланылмаған пестицидтерді уақытша сактауға арналған арнайы орындардан басқа, жұмыс орындарында қалдыруға жол берілмейді.

73. Пестицидтерді қолдану кезінде бұзушылықтар болған жағдайда, пестицидтердің қалдық мөлшерінің болуына талдамалық зерттеулер жүргізілгенге дейін ауыл шаруашылығы өнімін өткізу тоқтатыла тұрады.

Пестицидтердің құрамы белгіленген ең көп жол берілетін деңгейден жоғары өнімді халыққа өткізуге жол берілмейді.

74. Азық-тұлік запастары немесе ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарға арналған азықтар толтырылған сақтау орындарында кеміргіштермен күресу кезінде сусымалы (оның ішінде дәндік) уланған тұзак жемді ыдысқа салынбаған тамақ өнімдері мен азықтардың қасына қоюға жол берілмейді.

Дератизациялық құралдарды кеміргіштер онай бұлдіретін ыдыстарға (картон қораптар, қағаз қалталар, қаптар және т.б.) буып-түйілген тамақ өнімдерінің арасына орналастыру жағдайында, кеміргіштердің тұзак жемді тасуын және улы заттардың абайсызда тамаққа түсүін болдырмайтын арнайы қорғаныш контейнерлерге салынған дератизациялық блоктар (парафиндік, балауыздық) қолданылады.

75. Жеке және занды тұлғалардың пестицидтерді аэрозольдік және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңынң 10-бабының 1) тармақшасына, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңынң 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес есімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен алынатын лицензия негізінде жүзеге асырылады.

**8-тaraу. Пестицидтерді заарсыздандыру кезінде олардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

76. Одан әрі мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз (бұдан әрі - жарамсыз) пестицидтер заарсыздандырылуы тиіс. Оларға адамдардың, жануарлардың саулығына және/немесе өсімдіктерге теріс әсерінің анықталуына, физикалық-химиялық және тұтыну қасиеттерінің өзгеруіне байланысты қолдануға тыйым салынған, сәйкестендірілмеген қоспалар түрінде сақталатын пестицидтер жатады.

Бюджет қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді заарсыздандыру Өсімдіктерді қорғау туралы заңының 20-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Осімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың нұсқамасы бойынша жеке және занды тұлғалардың қаражаты есебінен сатып алынған пестицидтерді заарсыздандыру Өсімдіктерді қорғау туралы заңының 20-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жеке және занды тұлғалардың қаражаты есебінен жүргізіледі.

77. Жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын заарсыздандыру (кәдеге жарату, жою) әдістері мен технологияларын пестицидтерді өндірушілер әзірлейді, олар санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық сараптамадан өтеді және препараттарға арналған нормативтік немесе техникалық құжаттамаға, қауіпсіздік паспортына, сондай-ақ ыдыс затбелгісіне және тұтынушыларға пестицидтерді жеткізу шілер (өндірушілер, импорттаушылар, сатушылар) ұсынатын қолдану жөніндегі ұсынымдарға енгізіледі.

78. Одан әрі пайдалануға жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын көмуге жол берілмейді.

79. Пестицидтерді және олардың ыдыстарын, пестицидтерден ыдыраған өнімдерді заарсыздандыру (кәдеге жарату, жою) процестері қоршаған ортага зиянды әсер етпеуі тиіс.

80. Қағаз немесе ағаш ыдысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заннамаға сәйкес белгіленген орындарда өртеу жолымен жояды.

Өртеу қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптары сақтала отырып, жағылатын қосындылардың уытты емес (қауіпті емес) заттарға дейін ыдырауын қамтамасыз ететін жоғары температуралы қондырғыларда жүзеге асырылады. Бұл ретте кәсіпорын газтәріздес ластағыштар мен құлдің шығарындыларына үнемі бақылау мен мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді.

81. Жеткізу шарт болған жағдайда, метал ыдыс немесе полимер материалдан жасалған арнайы ыдыс жеткізуіге (өндірушіге, иморттаушыға, сатушыға) заарсыздандырылмаған, бірақ сырты таза және тығыз жабылған күйде қайтарылады. Олай болмаған жағдайда, кәдеге жарату немесе жою

алдында ол нақты пестицидтерді заарсыздандыру (кәдеге жарату, жою) жөніндегі ұсынымдарда баяндалған талаптарға сәйкес заарсыздандырылады.

82. Құрамында сынап, көгертетін қышқыл бар пестицидтер және күшэла құрамdas пестицидтер олар сақталатын жерлерде заарсыздандырылмауы (кәдеге жаратылмауы, жойылмауы) тиіс және оларды кәдеге жарату (өндөу) үшін мамандандырылған ұйымдарға немесе жеткізушіге (өндірушіге, импорттаушыға, сатушыға) тапсырылады.

83. Қауіптілігі 1-сыныпты, мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамсыз пестицидтер саңылаусыздықты қамтамасыз ететін және пестицидтерді сақтау және кейіннен заарсыздандыру (кәдеге жарату, жою) орындарына тасу кезінде қоршаған ортаның ластану мүмкіндігін болдырмайтын ыдыстарда сақталуы тиіс.

2-сыныпты препараттар полимер материалдардан жасалған, арнайы ішпектері бар көп қабатты ыдысқа (пестицидтің ерекшелігіне қарай) буып-түйіледі.

84. Жарамсыз пестицидтерді тиеumen, тасумен және түсірумен байланысты барлық жұмыстар механикалық түрде жүзеге асырылады. Пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын тасыған кезде жүргізуі мен жүкті апарушы персоналдан басқа бөтен адамдардың болуына жол берілмейді.

85. Заарсыздандырылуы (кәдеге жаратылуы, жойылуы) тиіс пестицидтерді тиісінше сақтау жағдайлары болмаған кезде, қызметтің аталған түріне шаруашылық жүргізуі субъектілер көрсетілген құралдарды орталықтандырылған жинауды және олардың сақтау үшін тиісті жағдайы бар қоймаларға орын ауыстыруын қамтамасыз етеді. Көрсетілген қоймаларға бөтен адамдардың кіруіне жол берілмейді.

86. Бүтіндігі бұзылған орамадағы пестицидтер нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ыдысқа қайта буып-түйілуі тиіс.

87. Одан әрі пайдалануға жарамсыз пестицидтерді заарсыздандырған (кәдеге жаратқан, жойған) кезде олар сақталатын ауданда препараттардың иелері заарсыздандыруға (кәдеге жаратуға, жоюға) қатысатын жауапты жұмыскерлерді бөледі.

Бұл ретте ұйымның атауы, заарсыздандырылған пестицидтің аты, оның саны, заарсыздандыру (кәдеге жарату, жою) орны мен тәсілі, жұмыстарды жүргізуге жауапты адамның тегі көрсетілетін акт ресімделеді.

88. Пестицидтерді өнеркәсіптік өндеу жолымен заарсыздандыру (кәдеге жарату, жою) нақты бір пестицидке сәйкестігін растау жөніндегі органдар берген арналған ілеспе құжаттамада көрсетілген технологияларға сәйкес жүзеге асырылады.

89. Айналыстан алғынған пестицидтер және оларды пайдалана отырып өндірілген, халықтың өміріне, денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп

төндіретін өнім Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 15-05/864 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12564 болып тіркелген) бекітілген Пестицидтерді заарсыздандыру қағидаларына, сондай-ақ арнаулы сақтау орындарын (көмінділерді) тиісті жағдайда ұстая шарттарына сәйкес заарсыздандырылуы (кәдеге жаратылуы, жойылуы) тиіс.

#### **9-тaraу. Өзара байланысты стандарттар тізбесі**

90. Қолдану нәтижесінде ерікті негізде техникалық регламент талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін стандарттар тізбесі, сондай-ақ техникалық регламенттің талаптарын қолдану мен орындау және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті зерттеу (сынак) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын стандарттар тізбесі тиісінше осы техникалық регламентке 4 және 5-қосымшаларда көрсетілген.

#### **9-тaraу. Пестицидтердің сәйкестігін бағалау**

91. Пестицидтердің осы техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бағалау:

- 1) пестицидті мемлекеттік тіркеу;
- 2) сәйкестікті міндетті растау нысандарында жүзеге асырылады.

92. Техникалық реттеу туралы заңынң 27-бабына сәйкес пестицидтердің сәйкестігін растау міндетті сертификаттау жүргізу нысанында жүзеге асырылады.

93. Пестицидтерді сертификаттауды Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңға сәйкес аккредиттелген сәйкестікті растау жөніндегі органдар Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізеді.

94. Пестицидтерді міндетті сертификаттау кезінде дайындаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға, импорттаушы өтініш беруші болады.

Осындай жағдайда  
күралдарының (пестицидтердің)  
қауіпсіздігі туралы  
техникалық регламентке  
1-қосымша

**Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес техникалық регламенттің қолданылу аясына жататын өсімдіктердің қорғау күралдарының (пестицидтердің) тізбесі және сыныштауыш бойынша олардың кодтары**

P/c №	Еуразиялық экономикалық одактың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды	Позиция атауы
1	2	3
1	3808	Инсектицидтер, родентицидтер, фунгицидтер, гербицидтер, өскінге қарсы құралдар мен өсімдіктердің өсуін реттеуіштер, бөлшек саудага салу үшін қалыптарға немесе орамдарға салынған немесе дайын препараттар немесе бұйымдар ретінде берілген дезинфекциялайтын және соларға ұқсас құралдар (мысалы, күкіртпен өнделген баулар, білтелер мен шырактар, шыбынга қарсы жабысқақ қағаз):
2	3808 50 000	- *аталған топқа субпозицияға ескертпеде көрсетілген тауарлар
3	3808 50 000 1	- - тек қана әсер етуші зат ретінде құрамында болатын 4,6-динитро-о-крезол (ДНОК (ISO)) немесе оның тұздары, тек қана трибутилқалайы қосылыстары немесе көрсетілген заттардың қоспасы
4	3808 50 000 9	- - басқалары
		- басқалары:
5	3808 91	- - инсектицидтер:
6	3808 91 100 0	- - - пиретроидтар негізіндегі
7	3808 91 200 0	- - - хлорланған көмірсутегілер негізіндегі
8	3808 91 300 0	- - - карбаматтар негізіндегі
9	3808 91 400 0	- - - фосфорорганикалық қосылыстар негізіндегі
10	3808 91 900 0	- - - басқалары
11	3808 92	- - фунгицидтер:
		- - - бейорганикалық:
12	3808 92 100 0	- - - - мыс қосылыстары негізіндегі препараттар
13	3808 92 200 0	- - - - басқалары
14	3808 92 300 0	- - - - дитиокарбаматтар негізіндегі
15	3808 92 400 0	- - - - бензимидазолдар негізіндегі
16	3808 92 500 0	- - - - диазолдар немесе триазолдар негізіндегі

17	3808 92 600 0	- - - - диазиндер немесе морфолидер негізіндегі
18	3808 92 800 0	- - - басқалары
19	3808 93	- - гербицидтер, өскінге қарсы құралдар және Өсімдіктердің өсуін реттеуіштер: - - гербицидтер:
20	3808 93 110 0	- - - - феноксифитогормондар негізіндегі
21	3808 93 130 0	- - - триазиндер негізіндегі
22	3808 93 150 0	- - - амидтер негізіндегі
23	3808 93 170 0	- - - карбомадтар негізіндегі
24	3808 93 210 0	- - - - динитроанилиндер туындылары негізіндегі
25	3808 93 230 0	- - - - карбамид, урацил немесе сульфонилкарбамид туындылары негізіндегі
26	3808 93 270 0	- - - басқалары
27	3808 93 300 0	- - өскінге қарсы құралдар
28	3808 93 900 0	- - - өсімдіктердің өсуін реттеуіштер
29	3808 94**	- - дезинфекциялайтын құралдар:
30	3808 94 100 0	- - - ширек аммоний тұздары негізіндегі
31	3808 94 200 0	- - - галогенденген қосылыстары негізіндегі
32	3808 94 900 0	- - - басқалары
33	3808 99	- - басқалары:
34	3808 99 100 0	- - - родентицидтер
35	3808 99 900 0	- - - басқалары

\*Ескертпе: 3808 50 субпозициясына құрамына мына заттардың біреуінен немесе бірнешеуінен тұратын: альдрин (ISO); бинапакрил (ISO); камфехлор (ISO) (токсаfen); каптафол (ISO); хлордан (ISO); хлордимеформ (ISO); хлорбензилат (ISO); ДДТ (ISO) (клофенотан (INN), 1,1,1-трихлор-2,2-бис(п-хлорфенилэтан); диэлдин (ISO, INN); 4,6-динитро-օ-крезол (ДНОК (ISO)) немесе оның тұздары; диносеб (ISO), оның тұздары немесе күрделі эфирлері; этилендибромид (ISO) (1,2-дибромэтан); этилендихлорид (ISO) (1,2-дихлорэтан); фторацетамид (ISO); гептахлор (ISO); гексахлорбензол (ISO); линданды (ISO, INN) қоса алғанда, 1,2,3,4,5,6-гексахлорциклогексан (ГХГ (ISO)); сынап қосылыстары; метамидофос (ISO); монокротофос (ISO); оксиран (этиленоксид); паратион (ISO); паратионметил (ISO) (метилпаратион); пентахлорфенол (ISO), оның тұздары немесе күрделі эфирлері; фосфамидон (ISO); 2,4,5-Т (ISO) (2,4,5-трихлорфеноксисірке қышқылы), оның тұздары немесе күрделі эфирлері;

трибутилқалайы қосылыстары бар 3808 тауарлық позициясының тауарлары ғана кіреді.

Сондай-ақ, 3808 50 субпозициясына беномил (ISO), карбофуран (ISO) және тирам (ISO) қоспасы бар тозанданатын ұнтақ құрамдары кіреді.

\*\* "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне сәйкес 3808-ден (3808 94-ті қоспағанда).

Өсімдіктерді корғау  
құралдарының (пестицидтердің)  
қауіпсіздігі туралы  
техникалық регламентіне  
2-қосымша

## **Пестицидтер қауіпсіздігінің физикалық-химиялық көрсеткіштері**

P/c №	Көрсеткіш атавы	Мәні
1	2	3
1	Су эмульсиясының тұрақтылығы: 1-4 сағат бойы тұндырғаннан кейін эмульсиядан бөлінуі тиіс: санитиметр, артық емес: "кілегей" немесе тұндырғышты аударып-төңкергенде ерітіндіге айналмайтын "майлар" немесе тұнба: әсер етуші заттың массалық үлесі кемінде 10 пайыз (бұдан әрі - %) пестицидке арналған әсер етуші заттың массалық үлесі 10 % -дан 20 %-ға дейінгі пестицидке арналған әсер етуші заттың массалық үлесі 20 %-дан астам пестицидке арналған	2,0 0,2 0,4 1,0
2	Су суспензиясының тұрақтылығы, % кем емес: суланатын ұнтақ, таблетка, паста суспензиялық концентрат	60,0 80,0
3	Судың массалық үлесі, %, артық емес: эмульсия концентраты, майлар негізделгі паста	1,0
4	Суланатын ұнтақ, пленка түзетін препарат, дуст, таблетка түйіршіктер	3,0 5,0
5	Дисперстілігі: ұнтақтар үшін № 0045 немесе № 0071 немесе 009 % торлы елеуіштегі қалдығының массалық үлесі, артық емес түйіршіктер үшін берілген диаметрдегі бөлшектердің	

массалық үлесі (нысаналы фракция), %, кем емес	2,0 90,0
--	-------------

Осындайдағы  
кұралдарының (пестицидтердің)  
қауіпсіздігі туралы  
техникалық регламенттіне  
3-қосымша  
Нысан

## Пестицидтерді есепке алу журналы

(атауы)

P/c №	Пестицидтің атауы	Әсер етуші заттың атауы және қабылданған пестицидтер сыныптамасына сәйкес пестицидтің қауіптілігі	Зиянды организмнің атауы	Шығыс нормасы	Жұмыс ерітіндісінің көлемі	Жұмыс ерітіндісінің дайындалған күні	Пестицидтің жалпы шығысы
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Өндөу түрі (жерүсті, авиациялық, аэrozольдік)	Өндөу орны мен алаңы	Өндөлген дақыл түрі	Өндөлген күні	Бүріkkіш техниканың атауы (маркасы, саны)
9	10	11	12	13

Осындайдағы  
кұралдарының (пестицидтердің)  
қауіпсіздігі туралы  
техникалық регламенттіне  
4-қосымша

## Қолдану нәтижесінде еркіті негізде техникалық регламенттің талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін стандарттар тізбесі

P/c №	Техникалық регламенттің элементтері	Стандарттың белгіленуі	Стандарттың атауы	Ескертпе
1	2	3	4	5
1	3-тараудың 18-тармағы, 4-тараудың 19-тармағы	МЕМСТ 30333-2007	"Химиялық өнімнің қауіпсіздік паспорты. Жалпы талаптар"	
	5-тараудың 29-тармағының 1 және		"Зиянды заттар. Сыныптамасы және	

2	2-абзацтары, 33-тармағы	MEMCT 12.1.007-76	жалпы қауіпсіздік талаптары"	
3	1 және 2-тараулар	KP CT ИСО 1750-2008	"Пестицидтер және басқа да агрохимикаттар. Жалпы атаулары"	
4	7-тараудың 48, 49, 57-тармақтары	MEMCT 12.3.041-86	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Өсімдіктерді қорғауға арналған пестицидтерді қолдану. Қауіпсіздік талаптары"	
5	3-тараудың 12-тармағы	MEMCT 31340-2013	"Химиялық өнімдердің ескертпелік таңбаланымы. Жалпы талаптар"	
6	1 және 2-тараулар	KP CT MEMCT P 51247-2008	"Пестицидтер. Жалпы техникалық талаптар"	

Өсімдіктерді қорғау  
құралдарының (пестицидтердің)  
қауіпсіздігі туралы  
техникалық регламентіне  
5-қосымша

**Техникалық регламенттің талаптарын қолдану мен орындау және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын стандарттар тізбесі**

P/c №	Техникалық регламенттің элементтері	Стандарттың белгіленуі	Стандарттың атауы	Ескертпе
1	2	3	4	5
1	3-тараудың 14-тармағы, 7-тараудың 57-тармағы	MEMCT 14189-81	"Пестицидтер. Қабылдалу алу қағидалары, сынамаларды іріктеу әдістері, буып-тую, таңбалау және сақтау"	
2	Эмульсия су тұрақтылығы	MEMCT 16291-79	"Пестицидтер. Эмульсияның тұрақтылығын анықтау әдісі"	
3	Судың салмақтық үлесі	MEMCT 23266-78	"Пестицидтер. Суды анықтау әдістері"	

4	Дисперстілігі	MEMCT 30439-96	"Пестицидтер. Електік талдау"	
5	Су суспензиясының тұрақтылығы	MEMCT 16484-79	"Пестицидтер. Ылғалданушы ұнтақтардың су суспензияларының тұрақтылығының анықтау әдісі"	
6	Судың салмақтық үлесі	MEMCT 14870-77	"Химиялық өнімдер . Суды анықтау әдістері"	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК